

**С. М. Иманғали,** ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы күрес бойынша мамандарды даярлау жөніндегі ведомствоаралық оқу орталығының аға оқытушы-әдіскері, полиция майоры

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

### **Қазақстан Республикасы ІІМ ЖОО-да біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау курстарының аясында оқытуға сараланған тәсіл**

*Аннотация.* Мақалада ведомстволық ЖОО-да біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау институтының оқу процестерін оңтайландырудың жаңа бағыттары қарастырылады. Оқу процесін әдістемелік қамтамасыз етудің жүйесі зерттелген: оқу-тақырыптық жоспарлар; оқу бағдарламалары; сабақтардың жоспарлары; сабақтарды өткізу бойынша материалдар; практикалық тапсырмалардың және жағдайлардың жиындары; тестілеу және емтихан сұрақтары. Қазіргі кезеңде оқытындардың білім алу мүмкіндіктерінен, үйренуге және жұмысқа қабілеттілігінің анықталған деңгейлеріне негізделе отырып оқытудағы сараланған тәсіл педагогикалық әсер етуді ұйымдастырады, бұл оны сапалы және белгілі кездерде санды жағынан ынталандыруға мүмкіндік береді.

Мақалада педагогикалық қызметтің құрылымынан кейбір педагогикалық білімдер бөлінген, оны иленген жағдайда оқытудың сараланған педагогикалық амалдарын үлкен табыспен қолдануға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: ведомстволық білім беру, оқыту амалдарының жүйесі, білім беру, инновациялар, жаңа технологиялар, оқытудағы сараланған тәсілдер, шығармашылық ойлауды жандандыру.

Жүргізіліп жатқан білім берудің реформасына байланысты біздің елде құқық қорғау органдары қызметкерлерін оқытудың жаңа әдістерін іздестіру белсенді түрде жүргізіліп жатыр. Мамандарды даярлаудың сапасын жетілдіру бойынша ғылыми ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылып жатқан, ішкі істер органдары үшін кадрларды дайындаудың технологиясына өзгерістерді енгізбей, дамып келе жатқан қоғамның жаңа талаптарын қамтамасыз ету мүмкін емес.

Қазіргі кезде ведомстволық жоғарғы оқу орындарында Біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау институтында (БАЖәнеКҚДИ) оқыту процесін оңтайландырумен байланысты сұрақтардың кең ауқымы шешілуде. Оңтайландыру — оқыту процесінің сапалығымен нәтижелігін арттыру. БАЖәнеКҚДИ-да оқу процесін әдістемелік қамтамасыз етудің жүйесі даярланған: оқу-тақырыптық жоспарлар; оқытудың бағдарламалары; сабақтардың жоспарлары; сабақтарды өткізу бойынша материалдар; практикалық тапсырмалардың және жағдайлардың жинақтары; тестілеу және емтихан сұрақтары. Институтта сабақтарды ішкі істер органдарында үлкен ғылыми-педагогикалық және практикалық жұмыс өтілі бар жоғары білікті оқытушылар жүргізеді.

Оқу процесінің жетістігі едәуір шамада қызметкерлерге оқу материалдарын жеткізудің тәсілдері мен әдістерін дұрыс пайдаланудан, оны берік және терең меңгеруді қамтамасыз етуден байланысты.

Оқыту, қызметтің арнайы бір түрі ретінде өздігінен екі жақты процесс болып келеді, ол білім беруге (оқытушының қызметі) және білім алуға (білім алушының қызметі) бөлінген.

Қазіргі кезеңде оқытындардың білім алу мүмкіндіктерінен, үйренуге және жұмысқа қабілеттілігінің анықталған деңгейлеріне негізделе отырып оқытудағы сараланған тәсіл педагогикалық әсер етуді ұйымдастырады, бұл оны сапалы және белгілі кездерде санды жағынан ынталандыруға мүмкіндік береді.

Оқыту процесінде сараланған тәсілдерді жүзеге асыру, белгілі педагогикалық шеберліктің қалыптасуын қарастырады, ол шеберліктерді жетілдірмесе оқыту нәтижесіз болады. Педагогикалық қызметтің құрылымынан кейбір педагогикалық шеберліктерді

игере білген жағдайда оқытудың саралы педагогикалық тәсілдерін жүзеге асыру мүмкін болады:

1. Жобалау шеберлігі: 1) оқытындарды мұқият зерделеудің негізінде оқу және жұмыс істеу қабілеттерін есепке ала отырып дидактикалық мақсаттарға байланысты оларды топтарға бөлу; 2) білімдерінің, дағдылары мен шеберліктерінің ең аз көлемін анықтап осы жетіспеушіліктерді жою бойынша бағдарлама құру.

2. Конструктивті шеберлік: 1) танымдық мақсаттың қиындығын бағалау және оларды аз және орташа мүмкіндіктері бар топтарға пайдалану; 2) әртүрлі топтарға және сабақтың әртүрлі кезеңдеріне көздеп оқу материалдарын таңдау; 3) топтардың өзара әрекеттесу кезеңдерін немесе фронтальды, топтасып және жеке жұмыстардың үйлесімін анықтау; 4) әр жұмыс бойынша нақты уақытты анықтау және сабақтың әртүрлі кезеңдерінде топтардың жұмысын басқару бойынша өзінің қызметін құрастыру; 5) үй тапсырмасын мақсатына, амалына және орындау мерзіміне қатысты мүмкіндігінше саралау.

3. Ұйымдастырушылық шеберліктер: 1) әр оқу тобының мақсатқа бағыттылығын ұйымдастыру; 2) сабақтың әртүрлі кезеңдерінде топтарды өзара әрекеттесуін ұйымдастыру (өзара көмектесу, өзара бақылау); 3) топтардың қызметтерін бір уақытта басқаруды ұйымдастыру.

4. Қарым-қатынастық шеберліктер — тек оқытушының және білім алушылардың арасында ғана емес сонымен қатар топтардың арасында қайырымды, тілектес қарым-қатынастарды орнату.

Зерттеу нәтижелерін саралау келесі тәсілдерді қалыптастыруға мүмкіндік береді: 1) педагогикалық қызметті мақсаттарды шешудің процесі екенін түсіну; 2) білім алушының позициясын білім беру процесінің субъектісі ретінде ұғыну; 3) педагогтың өзінің және білім алушылардың қызметтерін жоспарлау, өзара саналы түрде байланысқан педагогикалық мақсаттарды шешуі; 4) дамудың сыртқы және ішкі факторларымен негізделген жеке тұлғаның ерекшелігі ретінде түсінікті ұғыну; 5) педагогикалық амалдарды және әдістерді меңгеру; 6) дұрыс шешімді таба білу және оны қиын педагогикалық жағдайда қолдана білу.

Оқыту әдістеріне келетін болсақ, оларды оқытудың міндеттерін шешуге бағытталған оқытушымен білім алушы арасындағы қарым-қатынастың амалы ретінде қарастыруға болады. Қазіргі кезде білім беру процесінде: сөздік, көренкілік, практикалық әдістер; проблемалық оқыту әдістерін бөледі. Оқытудың ақпараттық талаптарын сараптаудан, оларды пайдалану үшін білімдерінің әдістемелік базасының құрылымы анықталды. Оның өзінде келесі қосымшалар кіреді:

– оқытылатын курстардың жалпы құрылымын көрсететін тақырыптық оқу жоспарлары және осылардың негізінде пәндік мақсаттардың жүйесі (оқу-анықтамалық базаның жеткілікті кең ауқымда болу кезінде курстың ресми бағдарламасындағы өзгертулер білім базасының тек осы аумағына ғана келеді);

– оқу және анықтамалық мәтіндердің базасы (алғашқы көзден алынған мәтіндер және оларға әдістемелік түсініктемелер, есептердің және басқа тапсырмалардың мәтіндері, оқу материалының логикалық-құрылымдық сызбалары, оқытылатын мәтінде кездесетін ұғымдардың түсініктеме сөздіктері, басылымдар туралы библиографиялық ақпараттар және т. б.).

– оқытындардың әртүрлі санаттардағы оқу сабақтарының жоспарлары. Курстың жалпы құрылымын сақтай отырып бөліп ұсыну, оқытылатын материалды таңдап оқуды және оқу процесінің нақты жағдайларына сәйкес оларды зерделеудің нақтылығының деңгейін анықтауға мүмкіндік береді;

– оқыту режимі көрсетілетін (дәрістер, кеңестер, жағдайлық есептерді шешу, техистерді құрау, өзін-өзі тексеру) және түрлі дидактикалық амалдар құрастырылатын (сұрақтарды қоюдың тактикалары) тапсырмаларды орындау ережесі, пәндік мақсаттарға жету үшін қолданылады;

– тапсырмалардың жиынына енгізілген тапсырмалардың дидактикалық сипаттамаларын бейнелеу. Оларда тапсырмалардың қиындығының деңгейлері көрсетіледі (яғни, оны орындауға қажетті білімді меңгерудің деңгейі: танысу, көрсету, дағдыларды пайдалана білу), оның еңбек сыйымдылығы (орындауға жұмсалатын шығындар), тапсырмаларды орындаған кезде педагогикалық мақсаттарға жету мүмкіндіктері және т. б.

– оқытудың жеке жоспарын құрастырудың ережелері;

– білім алушының оқу жоспарын орындаудың дәрежесі туралы және оқытуды аяқтаудың талаптары туралы базалар; оқу тапсырмаларды орындау нәтижелері бойынша көрсетілген базаның өзгертулерінің ережелері және т. б.;

– көрсетілген оқыту режимдерінде кезекті пәндік мақсаттарды таңдаудың ережелері.

Осылайша оқыту оқытушымен қойылатын талаптарға бейімделеді, білім алушылардың жекелеген топтары үшін немесе жеке қызметкер үшін оқытудың ерекше әдісі қалыптасады.

Оқу-әдістемелік кешенге оқу материалдары, оқу және тақырыптық жоспарлар, оқу бағдарламасы, қызметкердің жеке жоспары, тапсырмаларды орындаудың кестесі кіреді.

Бүгінгі кезде қызметкерлердің шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға көңіл бөлінуде, әртүрлі пәндер бойынша ұйымдастырушылық-техникалық және тактикалық оқыту бойынша әдістемелік нұсқамалар саны көбейді. Осылайша, мысалға Оқу-әдістемелік кешеннің (ОӘК) тақырыптары тәжірибенің сұраныстарына сай, өзіндік жұмыста пайдалану үшін де ыңғайлы түрде келтірілген. Оқу жоспарында жалпы және арнайы сабақтарға әртүрлі сағаттар саны жоспарланған, бөлімдердегі сабақтардың тақырыптары, оқу материалды тұтастай немесе бөліп пайдалануға жоспарланған. Сонымен қатар жекелеген тақырыптар қызметкерлердің өздігінен зерделеніп және даярлана алады.

ОӘК дәріс материалы, бақылау сұрақтары, өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар, жағдайлық есептер және т. б. бар. Қызметкерлер әр тақырып бойынша дайындалғаны және әдебиеттерді зерделеуі қажет. Қызметкер өзінің оқуының жеке жоспарына сәйкес әр тақырып бойынша электрондық түрде тапсырмаларды орындайды. Сондықтан әр тақырып бойынша таңдалған бір есепті өздігінен шешуге болады және шешілген жауаптарын келесіде жалпы талқыға салады.

Оқытудың соңында ІО қызметкерлерінің біліктіліктерін арттырудың санатына қарай арнайы курстар бойынша қорытынды бақылау жүргізіледі.

Қорытындылай келе, ішкі істер органдары қызметкерлерін оқытудың процесіне аталған әдісті енгізу — айтарлықтай ұзақ үдеріс, қазіргі кезде ол аяқталу кезеңінде емес.

Ойдағыдай енгізу үшін тек оқытушы-әдіскерлердің, пәндер бойынша оқытушылардың күштерін ғана емес сонымен қатар компьютерлік технологиялардың білікті мамандарының күштерін біріктіру қажет.

## **РЕЗЮМЕ**

Автор указывает новые направления оптимизации учебного процесса в институте повышения квалификации и переподготовки кадров (ИПКиПК) ведомственных вузов. Исследована система методического обеспечения учебного процесса: учебно-тематические планы; учебные программы обучения; планы занятий; материалы по проведению занятий; сборники практических задач и ситуаций; тестовые и экзаменационные вопросы. В статье исходя из структуры педагогической деятельности выделяются некоторые педагогические умения, владение которыми позволяет с большим успехом применять дифференцированные педагогические приемы обучения.

## **RESUME**

The author points out new directions for optimizing the educational process at the Institute for Advanced Training and Retraining of Personnel (IPC & PK) of departmental universities. The system of methodological support of the educational process was studied: educational-thematic plans; training programs; plans for classes; materials for conducting classes; collections of

practical problems and situations; test and exam questions. In the article, on the basis of the structure of pedagogical activity, some pedagogical skills are distinguished, the knowledge of which makes it possible to use differentiated pedagogical methods of teaching with great success.